

"Жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2010 жылғы 9 шілдедегі N 365 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6373 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 10 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.01.2013 № 10 Бұйрығымен.

Жоғарғы оқу орындарында оқу үшін анағұрлым даярланған және дарынды үміткерлерді қабылдау рәсімін жетілдіру және іріктеуді қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5214 тіркелген, «Заң газетінің» 2008 жылғы 23 мамырдағы № 77 (1477) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында «жоғарғы» деген сөз «жоғары» деген сөзбен ауыстырылсын;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесінде:

тақырыпта «қабылдаудың» деген сөздің алдынан «оқуға» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Test of English as a Foreign Language (TOEFL, шекті балл - кемінде 560), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл - кемінде 6.0), Grundbaustein DaF (шекті балл - C 1), Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, шекті балл - C 1), Diplome d'Etudes en Langue française (DELFI, шекті балл - B 2), Diplome Approfondie de Langue française (DALF, шекті балл - C 1) Test de connaissances de française (TCF, шекті балл - кемінде 400) бағдарламалары бойынша шет тілінен (ағылшын, француз, неміс) тест

тапсырғандығы туралы расталған сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары магистратураға, резидентураға, адъюнктураға және PhD докторантураға түсу кезінде шет тілінен түсу емтихандарынан босатылады.»;

қазақ тіліндегі мәтінде 10-тармақтың 2) тармақшасындағы «куәландырылған құжат» деген сөздерден кейін «көшірмесі» деген сөз алынып тасталсын;

10-тармақтың 2) тармақшасында «(резидентураға түсу үшін)» деген сөздерден кейін «, осы Ереженің 5-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификат көшірмесі» деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың 4) тармақшасында «құжаттар» деген сөзден кейін «, осы Ереженің 5-1-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификат» деген сөздермен толықтырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінде 13-тармақтағы «азаматтар» деген сөз алынып тасталсын;

19-тармақта «Мемлекеттік білім беру стандарттары мен тестілеудің ұлттық орталығы» деген сөздер «Ұлттық тестілеу орталығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

24 - тармақта :

«Конкурстық» деген сөздің алдына «Осы Ережеге қосымшаға сәйкес бағалардың 100 балдық шкаласы бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

«тиісті ғылыми мамандығының бейіні бойынша» деген сөздер «тандалған бейінге сәйкес» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Г.Н. Доғалова) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

М. Сарыбеков

« К Е Л Т С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

А. Құрманғалиева

2010 жыл

Жоғарғы білімнің оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын

іске асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгі ережесіне
қосымша

Бағалаудың 4 және 100 балдық шкаласы бойынша бағаны ауыстырудың жүйесі

Бағалаудың 100 балдық шкаласы бойынша балдар	Бағалаудың 4 балдық шкаласы бойынша балдар
95-100	Өте жақсы (5)
90-94	
85-89	
80-84	Жақсы (4)
75-79	
70-74	
65-69	Қанағаттанарлық (3)
60-64	
55-59	
50-54	
0-49	Қанағаттанарлықсыз (2)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК